

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2018 жылғы _____
шешімімен бекітілген
№ ____ / ____ хаттама

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЯЛАР КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**Астана қ.
2018 ж.**

Мазмұны

1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1. Комитет туралы ереже**
- 2. Комитеттің мақсаттары мен міндеттері**
- 3. Комитеттің құзыреттері**

2 ТАРАУ. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 4. Комитет мүшелерінің құқықтары**
- 5. Комитет мүшелерінің міндеттері**
- 6. Комитеттің және оның мүшелерінің жауапкершілігі**

3 ТАРАУ. ОРГАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

- 7. Комитет құрамы және Комитетті қалыптастыру**
- 8. Комитеттің төрағасы**

4 ТАРАУ. КОМИТЕТТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 9. Комитетті шақыру**
- 10. Комитет мүшелерін Комитеттің отырысы өтетіні жөнінде хабарландыру**

5 ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 бөлім. Комитет туралы ереже

1. Осы Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті туралы ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және өзге ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын Қоғам қызметінің басым бағыттарын қалыптастыру, оның даму стратегиясын тұжырымдау, инвестицияларды жүзеге асыру және Қоғамның инновациялық стратегиясын айқындау облысындағы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу және дайындау мақсатында құрылған.

3. Комитет өз қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесіне толық есеп береді және кеңесші орган болып табылады.

4. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады (1-кесте).

Термин	Анықтама
Жалғыз акционер	Қоғамның 100% акцияларына иелік ететін Қоғам акционері (Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы)
Директор/лар	Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі/мүшелері
Заңнама	Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіпте қабылданған нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы
Инвестициялық жоба (жоба)	Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүзеге асыруға, жаңа өндірістер құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және жаңартуға инвестицияларды, сонымен қатар заңды тұлғалардың қатысу үлестерін сатып алуды және сатуды және жаңа заңды тұлғалар құруды көздейтін іс-шаралар кешені. Инвестициялық жобалар тұтастық өлшемшартын қанағаттандыруға тиіс: инвестициялық ұсыныста қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті барлық әрекеттер мен ресурстар бір жобаның шеңберіне енгізілген; жоба шеңберіндегі әрекеттер өзара байланысты болуға тиіс.
Корпоративтік хатшы	Қоғамның Корпоративтік хатшысы
Кодекс	Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі

КХҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті туралы ереже	2-бет
-----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------

Комитет	Қоғамның Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті
Тәуелсіз директорлар	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Жарғымен және Кодекспен тәуелсіз ретінде айқындалған директорлар
Ереже	Қоғамның Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті туралы ереже
Басқарма	Қоғамның атқарушы органы
Қоғам	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Директорлар кеңесі	Қоғамның басқару органы

5. Осы Ережеде қолданылатын, алайда айқындалмаған терминдер Заңнамада, Жарғыда пайдаланылатын мағынасында пайдаланылады.

2 бөлім. Комитеттің мақсаттары мен міндеттері

6. Комитеттің негізгі мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесіне мынадай мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу және ұсыну болып табылады:

- 1) Қоғамның даму стратегиясын айқындау және оның іске асырылуын мониторингтеу;
- 2) Қоғамның ұзақмерзімдік кезеңге арналған стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін қарау және бекіту;
- 3) Қоғамның инновациялық және инвестициялық стратегиясын айқындау;
- 4) Инвестицияларды жүзеге асыру;
- 5) Инвестициялық жобалар бойынша шешімдерді алдын ала мақұлдау

7. Комитеттің міндеттері:

1) Қоғамның Директорлар кеңесіне бекітуге енгізілетін стратегиялық жоспарлау, Қоғамның инвестициялық және инновациялық қызметі мәселелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстарды алдын ала қарау және әзірлеу;

2) Қоғамның ұзақмерзімдік кезеңдегі қызметінің тиімділігін бағалау және Қоғам қызметінің тиімділігін тауар нарықтарындағы және капитал нарықтарындағы үрдістерді, Қоғамның және оның бәсекелестерінің қызмет нәтижелерін ескере отырып ұлғайту қажеттілігі тұрғысынан Директорлар кеңесіне Қоғамның қолданыстағы Даму стратегиясы мен Қоғам қызметінің жекелеген бағыттарын түзету бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) Директорлар кеңесінің Қоғамның дамуының басым бағыттарын анықтау және стратегиялық жоспарлау облысында қабылданған шешімдерінің орындалуы мониторингін жүзеге асыру;

КХҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті туралы ереже	2-бет
-----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------

4) өз қызметін жүзеге асыру мақсатында Комитет жұмысын Қоғамның атқарушы органымен, құрылымдық бөлімшелерімен бірлестікте, сонымен қатар қажетінше Қоғамның басқа бөлімшелерімен бірлестікте жүргізеді.

3 бөлім. Комитеттің құзыреттері

8. Директорлар кеңесінің мүшелеріне оларға жүктелген міндеттерді орындауға көмек көрсету мақсаттарында Комитет мыналарды орындайды:

1) Қоғам қызметінің стратегиялық бағыттары бойынша:

а) Қоғамның Даму стратегиясын алдын ала қарау, өзгерістер мен толықтыруар енгізу;

б) Қоғамның Даму стратегиясын іске асыру бойынша Іс-қимылдар бағдарламасын және Іс-шаралар жоспарын алдын ала қарау және мақұлдау және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ұсыныстар дайындау;

с) Қоғамның Даму стратегиясының іске асырылуын жүйелі түрде мониторингтеу және Директорлар кеңесіне Қоғамның Даму стратегиясын іске асыру іс-шараларының тиімділігін бағалаумен қоса есеп беру және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ұсыныстар дайындау;

д) Қоғамның стратегиялық жоспарлау процестерін реттейтін ішкі құжаттар бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне дайындау;

е) экономикалық және бәсекелестік ортадағы өзгерістерді олардың Қоғамның қолданыстағы Даму стратегиясына әсерін анықтау үшін мониторингтеу және даму стратегиясын осы өзгерістерді ескерумен қайта қарау/қайта бағалау;

ф) Қоғамның орта- және ұзақмерзімдік перспективадағы қызметінің тиімділігін жоғарылатуға қатысты кейбір стратегиялық шешімдерді тұжырымдау бойынша ұсыныстарды талдау және әзірлеу;

г) қосылу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру формасында Қоғамды қайта ұйымдастырумен байланысты кейбір стратегиялық шешімдерді тұжырымдау бойынша ұсыныстарды талдау және әзірлеу;

h) Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын, Даму стратегиясының орындалу барысы, қызметтің стратегиялық маңызды көрсеткіштерінің (ҚМК) мақсатты мәндеріне қол жеткізу туралы ақпарат бар құжаттарды алдын ала қарау.

2) Қоғамның инвестициялық және инновациялық қызметі бойынша:

а) Қоғамның инновациялық саясатын реттейтін және Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіндегі Қоғамның ішкі құжаттарын алдын ала бекіту;

б) Қоғамды дамытудың Шеберлік жоспарын және жекелеген инвестициялық жобаларды олардың Қоғамның Даму стратегиясына сәйкестігі тұрғысынан талдау;

КХҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті туралы ереже	2-бет
-----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------

с) Қоғамның дамуына және Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді иелік етуге әсер етуі мүмкін өзгерістерді, соның ішінде нарық конъюнктурасындағы, қолданыстағы заңнамадағы және т.б. өзгерістерді бағалау;

д) Қоғамның Директорлар кеңесі кейіннен мына мәселелер бойынша шешімдер қабылдау мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі үшін ұсыныстар әзірлеу;

е) Қоғамды дамытудың Шеберлік жоспарын мақұлдау және оны түзету;

ф) Қоғамды дамытудың Шеберлік жоспарының орындалуының Мониторингтік есебін тоқсан сайынғы негізде талдау;

г) Қоғамның инвестициялық жобаларының іске асырылуын барлық сатыларында мақұлдау және іске асырудың мына сатысына көшуді мақұлдау;

h) Қоғаммен бұрын қаралған және мақұлданған инвестициялық және инновациялық жобалардың негізгі параметрлерін барлық сатыларында мониторингтеу және түзету. Жобаның негізгі параметрлеріне жобаның құны, іске асырылу кезеңі және кестесі, қаржыландыру құрылымы, жобаның экономикалық тиімділік көрсеткіштері, жобалық қуаттылыққа шығу күні жатады.

2 ТАРАУ. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4 бөлім. Комитет мүшелерінің құқықтары

9. Комитет:

1) Директорлар кеңесінің, өзге комитеттердің, Басқарманың мүшелерінен, Ішкі аудит қызметінен, Корпоративтік хатшыдан және Қоғамның өзге жұмыскерлерінен құжаттарды, есептерді, түсіндірулерді және басқа ақпаратты сұрауға. Жоғарыда көрсетілген ақпарат пен құжаттар Корпоративтік хатшы арқылы табысталады. Қоғам Комитетті барлық қажетті материалдармен және ресурстармен белгіленген тәртіпте өз есебінен қамтамасыз етуге міндетті.

2) Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Комитеттердің мүшелерін және өзге тұлғаларды өзінің отырыстарына байқаушы ретінде шақыруға;

3) белгіленген тәртіпте сыртқы сарапшылар мен кеңесшілердің қызметтерін Қоғам бюджетінде ағымдағы жылға қарастырылған қаражат шеңберінде пайдалануға;

4) оған жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажет өзге құқықтарды пайдалануға құқылы.

5 бөлім. Комитет мүшелерінің міндеттері

10. Комитет мүшелері міндетті:

КХҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті туралы ереже	2-бет
-----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------

1) өз қызметін Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және жалпы Қоғамның мүдделерінде адал және риясыз жүзеге асыруға және Кодекстің негізгі қағидаттарын сақтауға;

2) өз міндеттерін тиімді атқаруға жеткілікті уақыт көлемін бөлуге;

3) лауазымдық міндеттерін атқару барысында оларға белгілі болатын барлық ақпараттың құпиялылығын сақтауға;

4) Директорлар кеңесімен анықталуы мүмкін кез келген басқа міндеттерді өз құзыретінің шегінде және осы Ережемен қарастырылған тәртіпте атқаруға.

6 бөлім. Комитеттің және оның мүшелерінің жауапкершілігі

11. Комитет мүшелері олардың әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін Қоғамның, Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көтереді.

3 ТАРАУ. ОРГАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

7 бөлім. Комитет құрамы және Комитетті қалыптастыру

12. Комитетті құру, оның құрамы және Комитеттің Төрағасын сайлау туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Комитетті Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалатын Төраға басқарады. Комитеттің құрамы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерінен қалыптастырылады. Басқарма Төрағасы Комитет мүшесі бола алмайды. Комитет құрамына Директорлар кеңесінің кемінде үш мүшесі енеді, олардың кемінде үштен екісін тәуелсіз директорлар құрауға тиіс.

13. Қажет болған жағдайда, Комитет құрамына Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар дауыс беру құқығынсыз енгізіле алады.

14. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың Директорлар ретіндегі өкілеттіктерінің мерзімдерімен сәйкес келеді, алайда жыл сайын Директорлар кеңесінде қайта қарала алады.

8 бөлім. Комитеттің төрағасы

15. Комитеттің Төрағасын Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар арасынан сайлайды.

16. Комитет Төрағасы өзі басқаратын Комитеттің жұмысын ұйымдастырады, соның ішінде:

а) Комитеттің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

б) Комитет отырысының күн тәртібін, соның ішінде Комитет отырысында талқылау үшін шығарылатын мәселелердің мазмұнын бекітеді;

с) Комитеттің отырыстарында мәселелерді талқылауды ұйымдастырады, сонымен қатар отырысқа қатысуға шақырылғандардың пікірлерін тыңдайды;

КХҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті туралы ереже	2-бет
-----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------

d)) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын ескере отырып, ағымдағы жылға Комитеттің Жұмыс жоспарын әзірлейді (1-қосымша);

e) Комитеттің қызметі туралы есеп дайындайды және Директорлар кеңесінің жүйелі түрде өткізілетін отырыстарында осындай қызмет нәтижелері туралы Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.

4 ТАРАУ. КОМИТЕТТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

9 бөлім. Комитетті шақыру

17. Комитеттің кезекті отырысын шақыру, өткізілетін күні, уақыты және орны және күн тәртібіндегі мәселелер туралы шешімді, сонымен қатар отырысқа шақырылатын тұлғалардың тізбесі туралы шешімді Комитет Төрағасы Комитет отырыстарының жұмыс жоспарына сәйкес қабылдайды.

18. Комитеттің шешімімен Комитеттің хатшысы тағайындалады, ол Комитет жұмысын ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асырады. Комитеттің хатшысы болып Корпоративтік хатшы тағайындалады.

19. Корпоративтік хатшы Комитет отырыстарын дайындауды және өткізуді, отырысқа материалдар жинауды және оларды жүйелеуді, Комитет мүшелеріне және шақырылған тұлғаларға Комитет отырысының өткізілетіні туралы хабарламаның, отырыстардың күн тәртіптерінің, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың уақтылы жолдануын, отырыстарды хаттамалауды, Комитет шешімдерінің жобасын дайындауды, сонымен қатар кейін барлық тиісті материалдарды сақтауды қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшы Комитет мүшелерінің қажетті ақпаратты алуын қамтамасыз етеді.

20. Комитет отырыстары Комитеттің шешімімен бекітілген жоспар бойынша, алайда тоқсанына бір реттен сирек емес өткізіледі.

21. Комитеттің жұмысы көзбе-көз отырыс формасында жүзеге асырылады. Комитеттің әрбір мүшесі жылына Комитеттің кемінде 75 (жетпіс бес) % отырысына қатысуға міндетті. Комитет мүшелерінің отырыста жоқ болуы есепке алынады және бұған байланысты тиісті шаралар қабылданады.

22. Комитеттің кезектен тыс отырысы Комитет Төрағасының шешімімен өз бастамасы бойынша, Комитеттің, Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің өтініші бойынша, сонымен қатар Жалғыз акционердің және Басқарма Төрағасының жазбаша өтініші бойынша өткізіледі.

10 бөлім. Комитет мүшелерін Комитеттің отырысы өтетіні жөнінде хабарландыру

КХҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті туралы ереже	2-бет
-----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------

23. Комитеттің отырыстары өткізілетіні туралы хабарлама күн тәртібімен және материалдармен бірге отырысқа қатысатын тұлғаларға кемінде бес жұмыс күні бұрын жолдануға тиіс.

24. Егер оған Комитет мүшелерінің санының кемінде жартысы қатысса Комитеттің отырысы заңды болып табылады.

25. Комитет отырыстарына Комитет Төрағасының шақыруымен үшінші тұлғалар Комитет отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру құқығынсыз қатыса алады.

26. Комитеттің шешімдері Комитеттің барлық мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда, Төраға шешуші дауыс құқығына ие. Бұл ретте, қарастырылатын мәселелердің шұғылдығы мен маңыздылығына байланысты, кворум болған жағдайда, Комитеттің көзбе-көз отырысына Комитет мүшесінің бейнеконференцияны (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференцбайланысты (Комитет мүшелерінің «телефондық кеңес» режимінде бір уақытта сөйлесуі), сонымен қатар өзге де байланыс құралдарын пайдаланумен қатысуына жол беріледі. Мұндай жағдайда Комитет мүшесі Комитеттің көзбе-көз отырысына қатысқан болып есептеледі. Бұл ретте, Комитет отырысының хаттамасында пайдаланылған байланыс түрі көрсетіледі.

27. Комитеттің әрбір мүшесі өзінің айрықша пікірін баяндай алады, ол Комитеттің хаттамалық шешімімен бірге ұсынылады. Комитеттің жекелеген мүшелерінің мүдделілігі салдарынан жекелеген мәселелер бойынша шешім қабылдана алмайтын жағдайларда, мұндай факт Комитет отырысының хаттамасына енгізіледі.

5 тарау. Қорытынды ережелер

28. Ережені бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің құзыретінде.

29. Егер Заңнаманың, Жарғының немесе Кодекстің өзгерістері нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары оларға қайшы келетін болса, Ереженің бұл нормалары тиісті өзгерістер енгізілген мезетке дейін күшін жояды.

КХҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар комитеті туралы ереже	2-бет
-----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------